



1990 ЖЫЛҒЫ
НАУРЫЗДЫҢ 22-СІНӨН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Ұлт Тағдыры

Сөзі жоғалған
жұртың
өзі де жоғалады

www.anatili.kz



www.facebook.com/anatilikaz



www.twitter.com/anatilikaz



e-mail: anatili_gazeti@mail.ru

КҮЛТӨБЕ

ОҚУЛЫҒЫҢ ҚАЛАЙ, ОРТА МЕКТЕП?

«Өнер адам – қызыл тіл» деген халқымыз тілдің, сөздің құдіретін әуелден терең түсініп, бар өнерден бық қонған. Тіл қадірін білетін қазақ бір ауыз сөзге тоқтаған, дуалы ауыз би-шешімді құрметтеген. Бірақ сол халықтың бүгінгі ұраны сөзге шорнақ, екі ауыз сөздің басын қосып, оның еркін жеткізетін жағдайда ма? Бүтін сөзбен болғанға ық аз алдына. Жастардан Мұхтар Әуезов пен Сәкен Сейфуллиннің кім екенін сұрасаң, қалың жер шұқысаң... Күні өше мектепте бірнеше жыл әдебиет пәнін оқығандардың мұрасы қалай? Оқи алмай ма, оқыта алмай жүрмей бе? Әлде оқулық оқы ма? Жалпы біз нені, қалай, не үшін оқытуға тиіміз? Елдістің алтын әнегі, ұлттық тарихінің қайыар бұлағы – қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың міні мен мазмұны, сағаты мен сапасы қандай күйде?



Міне, осы саналы жанды бей-жай қалдырмайтын ұят тақырымына қатысты көкейкесті мәселе М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған «Орта білім берудің жақартылған мазмұны өзімізге қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселесі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның нәтижесі болды. Іс-шарға Ы.Ахтановтың атындағы Ұлттық білім академиясы, «Образ» білімдікті арттыру, «Оқулық» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталықтарының мамандары, әдебиеттанушы-ғалымдар, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін мұрагерлері қатысып, өткір ой-пікірлер мен ұсыныстарын ортала салды. Жылдан негізінен жалпы білім беретін мектептерде оқылатын қазақ әдебиеті пәні бойынша жалпыға міндетті білім стандарты мен оқу бағдарламаларын жасақтаудың

негізгі ұстанымдары, оқулықтардың сапасын талдау, жаңартылған білім беру мазмұнына көшуінің барысы, пәнаралық байланысын зерделеуіне арналды. Конференцияның алқамы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ғалым Кеңесхан Матқажанов және білім мазмұнына қошу жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті, тарих

пен Қазақстан географиясы, қазақ өнері мен музыкасы сияқты ұлттық сипаттағы пәндердің жау-күйі жұртшылықты алаңдатып отырғанын түсінді. «Қазіргі жас білім мазмұнына қошу жағдайында мектептердегі білім сапасы мен оқулық мәселесі аса өзекті болып отыр. Биылғы Тамыз конференциясында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мәселені қоғамда

ашық талқылауға қозғау салды. Ал Білім және ғылым министрі Асқар Аймағамбетов оған ерекше назар аударды. Қазір бұл мәселе қоғамдық ортада кеңінен талқылануда. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пен Қазақстан географиясы, қазақ өнері мен музыкасы сияқты ұлттық сипаттағы пәндердің оқытылуы ерекше алаңдатады» дей келе, К.Матқажанов нақты жағдайды тал-

дап, оны жақсартудың жолдарын ортала салуға шақырды. Халқымыздың сапаны өскен сайын қазақ тілінде оқытын белалардың сапаны да өсіп келеді. Мәселен, екі жұртымыз қасыр бұрын қазақ тілінде оқытатын бір ғана мектеп болса, 2018 жылы елімізде қазақ мектептері 3797-ге жеткен.

(Жалғасы 6-7-беттерде)

БҮГІНГІ САНДА



Мария һәм Мұстафа

3-бет



Қозы мен Баянның «Шоқтерегі»

11-бет



Қасиетті құмаршық

12-бет

АШЫЛМАҒАН АРАЛДАР



ҚАРАҒАЙДАҢ ҚАЗАҚТАР

– 18-19 жасқа келгеніңа болуы керек, – деді әуелден. – Мені Отан ашылмағанды борышымды өтеуге шақыру үшін тілімдегі аудандық өкірік комиссиясы үйге келген есімде. Сонда: «Жалғыз баламыз еді. Бұл алысқа кетсе, күніміз не болады?» деп, әке-шешемнің зар жылағаны бар. Қоңақ оған қараған жоқ, «Бойыңның ұымдығы жақпал екен. Сенден жастарды әскерге алмауға болмайды. Ертен комиссиянатқа келесің» деді де полтурка машинасына мініп, жүріп кетті. Бірақ ауылдан ұзай бере калғиңның әзекеті сазға тығылып, жүре алмай қалмасы бар ма? Мен дереу жүгіріп барып, машинаның арт жағын батпақтан жалғыз өзім тік көтеріп алып, саздан шығарысып жібердім. Сонда мына қимылыма аң-таң қалған комиссар: «Жарайды, мен сені әскерге шақырудан босаттым. Қарт әке-шешенді бағып, ауылыңда жүре бері деді риза болып.

9-бет

ТУҒЫРЛЫ ТҰЛҒА

КЕКІЛБАЕВ КЕҢІСТІГІ

Киелі Маңғыстау топырағында қазақ әдебиетінің данқты өкілі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдығы мерейтойы өте жоғары деңгейде мерекеленді. Аты әлемге маңшұр қаламгердің мерейтойының ашылу салтанатына қатысу үшін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы келді. Маңғыстаулықтар Мемлекет басшысы аса зор көңілмен қарсы алды. Президент еңселі ескерткіштің шымылдығын ресми түрде ашып, арнайы үндесті қолды. Баршы жұрты мерейтоймен құттықтап, қаламгер рухымен қоса ел мерейін арттыратын айншықты оларын жеткізді. Қолдан құйылған ескерткіштің биіктігі тұғырымен қосқанда 6 метр, мүсінділі – көшпир Байғазиев.

Мемлекет басшысы Әбіш Кекілбайұлының ғұлама жазушы ғала емес, Елбасының сенімді серігі ретінде тәуелсіз Қазақстанның негізін қалауға қосқан үлесі орасан зор екенін, еліміздегі жоғары лауазымдарға қызмет істеп, халықтың иқпалына бәлденгенін, Жоғарғы Кеңес төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Сенатор қызметтерін абыроймен атқарғанын айтты. – Әбіш Кекілбайұлым тәуелсіздігімізді қорғауға және ыңғайтуға атсалдықан аса көрнекті қоғам қайраткері болғанына ошқандай құмшн жоқ. Өйткені ұлы қазақтың ой-санасын жаңғыртқан ұлы өзгерістердің басшы-қасиында жүрді. Көрнекті қайраткер егемен еліміздің тарихи

шежіресінде өз қолтаңбасын қалдырды. Оның «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» деген тұжырымы баршаға ой салды, – деді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ айтууды шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, белгілі қаламгер Сауытбек Абдрахманов, қоғам қайраткері Зейнолла Ашымбаев, ақын Саятқанд Нұржанов көлі тірісізде оулыс атанған дара тұтанғаны қазақ ұлты мен мемлекеті үшін, адамзат үшін сүйіспен әуелді сүйегі, ұшынқоса сияқты ерекше қадір-қасиеттерін бірінен-бірі өткізе баяндады, Әбіш ағамын тойына арнайы келіп, қалың елге қалтқысы қызмет еткен ел Президентіне алғыстарын айтты.

Осы шараға ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Б.Сапарбаев, Әбіш ағамын жары Клара Жұмбайқызы, ұрпақтары, елімізге белгілі ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері және шетелдерден арнайы келген қонақтар қатысты. Класеіктің мерейтойына орай Әбіш Кекілбайұлым атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды. Мемлекет басшысы Ақтау қаласына жұмыс сапары аясында Әбіш Кекілбайұлының аты беріліп, жаңа ғымаратқа көшкен Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің жұмысымен таласты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сәуір айында Маңғыстау облысына жасаған жұмыс сапары кезінде аймақ әкімігіне музей құрылысымен сапары ел негізінен аяқтауды тапсырған. Тапсырмаға сәйкес, облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылар жазушының 80 жылдығы мерейтойы шеңберінде пайдалануға берілді.

(Жалғасы 2-бетте)

«Ана тілі» газетіне 2020 жылға жазылу бағасы – «Қазпошта» АҚ бойынша

Индекс	Мерзімі	Қала	Аудан/ауыл
65367	Жеке жазылушылар үшін		
	6 ай	2391,00	2502,72
	12 ай	4782,00	5005,44
15367	Мекемелер мен ұйымдар үшін		
	6 ай	3414,00	3525,72
	12 ай	6828,00	7051,44

